

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық
білім бөлімі» ММ**

**Милы бастауыш білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Милысай ауылы
Ы.Алтынсарин көшесі, №19 құрылыс**

27. 02.2025ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Милы бастауыш білім беретін» КММ-нің кезектен тыс 2025ж.03.02 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2025 ж 03.02 № 4 н/қ бұйрығының негізінде 03.02-24.02 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2025 ж 03.02 № 4-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Шалабаева Жаңагүл Сахиевна	мектеп меңгерушісі, комиссия төрағасы
2	Турекешова Жулдыз Мухамбетовна	бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Толебаева Гулзия Сеитахметовна	ШО тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің Милы бастауыш білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030114, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ы.Алтынсарин көшесі, №19 кұрылыс
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт) Телефон: 8 (705) 836 26 50; 87135973511 факс Электронды почта: milish20@yandex.kz; сайты mily-aitekebi.edu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер) Шалабаева Жаңагүл Сахиевна, «Әйтеке би аудандық білім бөлімі»ММ-нің 2019 жылғы 30 қаңтар №17 бұйрығымен Милы бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп меңгерушісі болып тағайындалған. ұялы телефоны: 87058362650,
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 16 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 19.03.1999 жыл, БСН-990340007953. Құрылтайшысы: «Әйтеке би ауданының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Әйтеке би ауданының әкімдігі 23желтоқсан №469,2020 жылғы қаулысымен бекітілген
Рұқсат етуші құжаттар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 26.11.2024 жылы №KZ05RVK00061507 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 28.01.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ23LAA00020642 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.
2.Кадрлық құрамға талдау
“ Милы бастауыш білім беретін мектебі ” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2022-2023 оқу жылында 1 мектеп алды даярлық сыныбы жұмыс жасаған.Сыныпта 7 тәрбиеленуші болған. 2022-2023 оқу жылында 1 педагог жұмыс атқарады. Педагог-I санатты. 2024-2025 оқу жылында 1 педагог жұмыс атқарады. Педагог-модератор -1. Осылайша, педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді. Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагог өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған. Педагогтың сапалық құрамы 100 % ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 5-параграф 24 тармақ Біліктілікке қойылатын талаптарында мектеп алды даярлық сыныптарында «Педагогика және бастауыш мектеп оқыту» мамандығы бойынша сабақ бере алатындығы көрсетілген.

№	Мұғалімнің аты - жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Турекешова Жулдыз Мухамбетовна	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	20	Модератор	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту» - 72 сағат

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің, тәсілдердің, құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі нақты сақталынған.

Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады. Ата-аналар (занды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымша “Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты” негізінде жасалатын шартпен реттеледі.

Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған.

Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы Милы бастауыш білім беретін мектебінің ресми сайтында - mily-aitekebi.edu.kz орналастырылған.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталады.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепте 2022-2023 оқу жылдары 1-мектеп алды даярлық сыныптары жасақталған. Онда 7 бала тәрбиеленген. 2023-2024 оқу жылында 5 жасқа толған бала болмауына байланысты мектепалды даярлық сыныбы болған жоқ. 2024-2025 оқу жылдары 1- мектеп алды даярлық сыныбы жасақталған. 2022-2023 оқу жылында 7 тәрбиеленуші 2024-2025 оқу жылында 5-тәрбиеленуші білім алған. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектеп алды даярлық сыныптарына тәрбиеленушілер жинақталды. Мектептің тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмысЗерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен

бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары”-на сәйкес құрылған және бекітілген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру

бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары”-на сәйкес құрылған және бекітілген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени

нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Зерделеу кезінде

2022-2023 мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «**Физикалық қасиеттерді дамыту**», «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**», «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**», «**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**», «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін

ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес **2024-2025** мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - **«Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»** дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және

материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 16.01.2025 жылғы № 7 енгізілген өзгерістер негізінде дене шынықтыру пәнінің атауы дене тәрбиесі болып өзгертілген.

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2022-2023,2024-2025 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында бейнематериалдары бойынша мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік–кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 1 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жихаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде Милы бастауыш білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында жихаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жихаздар, ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.**

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 8,90 шаршы метр. Мектебіміз бастауыш мектеп болуына байланысты кітапханашы штаты жоқ. Оқу залы-жоқ. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектеп бастауыш мектеп болуына байланысты кітапханашы штаты қарастырылмаған.

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-2640; Оның ішінде: Оқулық-2175; Әдістемелік-30; Көркем әдебиет-465;

Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-60; Электронный-82; Орыс тілде-38 ; Ағылшын тілде-57;

Негізгі қор-91 дана

Қазақ тілінде- 60 - 100% ;

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы – 8,90 шаршы метр;

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Ноутбук -1,Интернетке қосылған.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;

- аралық – қаңтарда;

- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады, деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2024-2025-оқу жылының мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 77%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші – 23%;

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2025 жылдың 20 ақпан күні білім беру процесіне

қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2024-2025 оқу жылында ақпан айының 20 күні метепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 5 тәрбиеленушінің 5-і қатысты. 100 % ата – ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші –**99,8%-5 балл** құрады. Ал сабақ беретін тәрбиешілердің 1 – **педагогі** тізім бойынша 100 % қатысып, **100%** сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	келісемін/ иә	келіспеймін/ жоқ	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	5	0	0	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	5	0	0	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	5	0	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог)қызметіне қанағаттанасыз	0	5	0	0
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	5	0	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	4	1	0	0
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	4	1	0	0
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	5	0	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	5	0	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	0	5	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	4	1	0	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0	0	5	0
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе	0	5	0	0

	немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				
	Барлығы:	64,6%	27,6%	7,6%	0%

МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-анасы	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	5	64,6%	27,6%	7,6%	0%
99,8%-5 балл					

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	1	0	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	1	0	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	0	1	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	0	1	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	1	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	0	1	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	0	1	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	1	0	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0	1	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0	1	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	1	0	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	1	0	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	1	0	0	0


16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	1	0	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	0	1	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	1	0
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	1	0	0
	Барлығы:	52,6%	42,1%	5,2%	0%

МАД педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	1	52,6%	42,1%	5,2%	0%
99,9%-5 балл					

9. Қорытынды мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.


Комиссия төрағасы:  Шалабаева Жанагүл Сахиевна
(қолы) (толық аты-жөні)
Комиссия мүшелері:  Турекешова Жулдыз Мухамбетовна
(қолы) (толық аты-жөні)
 Төлебаева Гулзия Сентахметовна
(қолы) (толық аты-жөні)